

3. Рез, З.Я. Методика преподавания литературы [Текст]: учеб. для пед.вузов / З.Я.Рез [и др.]. – М.: Просвещение, 1985. – 368 с.
4. Ступина, В.Н. Основы литературного краеведения и исследовательской деятельности учащихся [Текст]: учеб.-метод.пособие / В.Н. Ступина. – Курган: Институт повышения квалификации и переподготовки работников образования Курганской области, 2005 – 34 с.
5. Ядровская, Е.Р. Глоссарий методических терминов и понятий (русский язык, литература): Опыт построения терминоса стемы [Текст]: метод.пособие / Е.Р. Ядровская, А.И. Дунев. – СПб.: Свое издательство, 2015. – 306 с.
6. Ядровская, Е. Р. Современная литература в базовой и профильной школе: [Текст]: учеб.-метод. Пособие / Е.Р. Ядровская. – СПб.: Наука, САГА, 2007. – 336 с.

*Материал поступил в редакцию: 23.11.2017*

**МАТЕРШОВА, А.И., МАЛЬЦЕВА, Е.Ю.**

**САБАҚТАН ТЫС ЖУМЫСТЫ ҮЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ: ӘДЕБИЕТТІК ӨЛКЕТАНУДАҒЫ ЖОБАЛЫҚ ӘРЕКЕТ**

*Мақалада әдебиеттәнінен сабактан тыс жұмыс әдістемесінің ерекшелігі анылады. Бұл мақаланың мақсаты - жобалық әрекеттің теориялық аспектілерін талдау және оның әдебиеттік өлкетану жоба түргысынан практикалық жүзеге асырудың ерекшеліктеріне көз жеткізу. Жұмыста әдеби – тарихи ескерткіштерге экскурсия жүргізу әдістемесіне ерекше көңіл аударылады. Мәтін жобалаудың арналық әрекеттері туралы құнды ақпарат береді – жобаның салыныштырылуы, жұмыс формасы, жобалық әрекеттің болашағы.*

*Мақаланың мәнін ашатын сөздер: сынныптан тыс жұмыс, жобалық әрекет, әдебиеттік өлкетану, әдебиеттік экскурсия.*

**MATERSHOVA, A.I, MALTSEVA, E.Yu.**

**METHODOLOGY OF ORGANIZATION OF EXTRACURRICULAR ACTIVITIES ON LITERATURE: THE PROJECT ACTIVITIES IN REGIONAL LITERARY**

*This article describes the features of the methodology extracurricular literature activities. The goal of this article is to analyze theoretical aspects of the project activities and to identify the features of practical implementation in the form of a project on regional literary. Much attention is given to the methodology for the holding of the excursions to literary and historical monuments. The text gives a valuable information about the specific features of design – the phased implementation of the project, the forms of work, the prospects for project activities.*

*Keywords: extracurricular activities, project activities, regional literary, literary excursion.*

**УДК 372.854**

**Мендалиева, Д.К.,**

*х.е.д., профессор, М.Әтемісов атындағы*

*Батыс Қазақстан*

*мемлекеттік университеті, Орал, Қазақстан*

**Құмарова, Н.Ж.,**

*магистрант, М.Әтемісов атындағы*

*Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті,*

*Орал, Қазақстан*

## **АНАЛИТИКАЛЫҚ ХИМИЯ ПӘНІНДЕ «ГИДРОЛИЗ» ТАҚЫРЫБЫН ПРОТОЛИТТИК ТЕОРИЯ ТҮРГЫСЫНАН ОҚЫТУ**

**Түйіні**

*Мақалада аналитикалық химия курсында «Гидролиз» тақырыбын оқыту әдістемесі қарастырылған. Гидролиз су ортасында жүретін протолиттік реакцияның түрі. Протолиттік реакция түргысынан «Гидролиз» тақырыбын*

оқыту әдістемесі гидролиз үдерісінің сандық сипаттамаларын есептеуді же-  
ңілдететіндігі көрсетілген.

**Мақаланың мәнін ашатын сөздер:** сольватация, гидратация, сольво-  
лиз, гидролиз, протолиз, автопротолиз константасы, гидролиз дәрежесі,  
константасы.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016–2019 жылдарына арналған мемлекеттік бағдарламасы бойынша Қазақстанда жоғары және ЖОО-дан кейінгі білім берудің басымдылығы білім, ғылым және өндірістің үштүгірлілігі болып табылады. Қазақстанда мектептегі білім беру жаңа кезеңнің алдында тұр. Осылан сәйкес мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі саласы жаңа тәсілдер аясында кеңейтілуі қажет [1].

«Аналитикалық химия» пәнін оқытуда пән мазмұнын таңdap, оның оқыту әдістемесін құрастырудың орны ерекше. Жалпы оқыту мазмұнын таңдау төмендегі принциптерге негізделеді [2] :

- 1) жүйелік әдіске, себебі бұл әдіс оқытылатын мазмұнды жүйелі, нақты құрастыруға мүмкіндік береді;
- 2) ғылымилық – бұл оқу білімдердің ғылыми біліміне сәйкестігін, білім алушыларды маңызды заңдылықтармен таныстырады;
- 3) байқампаздылық – бұл оқытудың маңызды принциптерінің бірі, қолжетімділік өтіп жатқан үдерістерді байқау, білім алушының білім, біліктіктерін, іс-әрекет міндеттерін іске асыруға мүмкіндік береді;
- 4) оқытылатын пәннің бірізділігі – бұл ғылымның логикасын оқу материалына аударуды қажет етеді.


Осы принциптерге негізделіп аналитикалық химия пәні бойынша оқу мазмұнын же-  
тілдіру, оның теориялық деңгейін арттыру өзекті мәселе болып табылады. Бұл жағдай «Ана-  
литикалық химия» пәннің принциптері, заңдары, заңдылықтары туралы білім, қосылыстар-  
дың химия – аналитикалық қасиеттерінің, ерітіндідегі құй – жағдайы, реакция жүру жағдай-  
ларына тәуелдіктері туралы терең білім қалыптастыруды қажет етеді. Яғни, білім алушының білім, біліктіліктерін қалыптастырып, дамытып, олардың кәсіби құзіреттіліктерін арттырады.

Химия пәнін, соның ішінде аналитикалық химия курсын оқыту мазмұнын, химия ғы-  
лымында алынған жаңа теориялар мен жаңа химиялық талдау әдістерімен толықтырып оты-  
руы қажет. Соңғы жылдары оқу үдерісінде аналитикалық химия пәні оқулықтарында көпте-  
ген сулы (сулы емес протонды) ерітінділерде жүретін химиялық реакцияларды Бренстед –  
Лоури протолиттік теориясы тұрғысынан қарастыруды ұсынады [3,4]. Бұл теорияның жаңа-  
шылдығы – сулы ерітінділерде жүретін көптеген химиялық реакцияларды жалпы протолит-  
тік реакциялар деп қарастырады. Протолиттік теория сулы (сулы емес протонды) еріткіштер-  
де жүретін химиялық реакциялардың жүруін толық түсіндіретін болғандықтан оны ертініді-  
лердің pH-ын, соның ішінде тұздар ерітінділерінің pH-ын есептеуде кеңінен қолданылады.  
Осылан байланысты аналитикалық химия пәнін оқыту үдерісінде «Гидролиз» тақырыбын  
протолиттік теория тұрғысынан қарастырып, дәріс, ӨСӨЖ, СӨЖ жоспарларына кіріктіріліп  
оқытылады. «Гидролиз» тақырыбын дәріс, ӨСӨЖ, СӨЖ сабактарына кіріктірілу себебі 9,10  
сыныптар бағдарламалары мен оқулықтарына енгізілген. Соңдықтан кез – келген болашақ  
химия пәннің оқытушысы бұл тақырыбын біліп қана қоймай, оқушыларды оқытып, білім,  
біліктіліктерін қалыптастыруы тиіс. Бұл тақырыбы мектепте оқыту жас мамандарға және  
білім алушыларға мәнгеру кындық тузызады. Сонымен қатар 9,10 сыныптардың оқушыла-  
рына түрлі деңгейлі олимпиада тапсырмаларында «Гидролиз» тақырыбына теориялық және  
практикалық есептер ұсынады. Осылан байланысты «Гидролиз» тақырыбын болашақ хи-  
мия пәннің оқытушыларына оқыту өзекті мәселе болып табылады.

«Гидролиз» тақырыбы бейорганикалық химия пәнін оқу бағдарламасында қарастыры-  
лады. Бұл бағдарламада «Гидролиз» тақырыбы көбіне классикалық Аррениус теориясы тұр-  
ғысынан оқытылады.

Көптеген ғалымдардың [5-7] пікірі бойынша тұздар гидролизін протолиттік теория тұрғысынан қарастырып түсіндірген дұрыс деп есептейді. Себебі протолиттік теория жүйеде жүретін реакцияларды толық түсіндіруге мүмкіндік береді, түрлі ерітінділер ортасының рН-тарын есептеу, жүйедегі бірнеше тепе – тенденктің таңдаш алуда белгілілік қалыптастырады.


Еріген зат иондары (молекулалары) еріткіш молекулаларымен әр түрлі әрекеттесуі мүмкін. Еріген заттың молекуласының (иондарының) еріткіш молекуласымен әрекеттесуін сольватация (еріткіш су болған жағдайда гидратация) деп аталады. Сольволиз немесе гидролиз үдерісінде еріген зат молекулалары еріткішпен әрекеттесіп құрамдас бөліктерге ыдырайды. Мысалы:




Бренстед – Лоури теориясы тұрғысынан протонды еріткіштер ерітінділерінде жүретін реакциялар протолиттік реакциялар деп аталады және бұл қышқыл-негіздік реакциялардың синонимі. Бренстед – Лоури теориясы бойынша гидролиз протолиттік реакцияның бір түрі. Осыған байланысты гидролизге тәмендегі анықтама беріледі:

*гидролиз – суда еріген тұздар иондарының бейтарап су молекулаларының протонымен немесе гидроксил тобымен әрекеттесіп, жүйеде тәмендегі анықтама беріледі.*


Гидролиз үдерісі протолиттік реакциялар болғандықтан реакцияға зарядталған бөлшектер (қышқылдар мен негіздер) катысады. Мысалы,  $\text{CH}_3\text{COONa}$  – тұз, сулы ерітіндіде диссоциацияланады:



Диссоциация нәтижесінде түзілген анион –  $\text{CH}_3\text{COO}^-$  су молекулаларымен әрекеттесіп, жүйеде тәмендегі тепе – тенденкті түзеді:




немесе  $\text{NH}_4\text{Cl}$  тұзын қарастыруға болады: оның диссоциациясы мына тенденкпен сипатталады:  $\text{NH}_4\text{Cl} \leftrightarrow \text{NH}_4^+ + \text{Cl}^-$  бөлінген катион су молекуласымен әрекеттеседі:



Екі мысалда да *протолиз (гидролиз)* реакциялар нәтижесінде қосарланған қышқыл мен негіз түзіледі:




Қосарланған қышқыл мен негіз тәмендегі тепе – тенденктің сипатталады:




Әр тепе – тенденк өзіне тән тепе – тенденк константасымен ( $K_b, K_a$ ) сипатталады және олардың көбейтіндісі сандық жағынан судың *автопротолиз* константасына тән. Бұл жағдай гидролиз үдерісінің сандық сипаттамаларын ( $K_r$  – гидролиз константасын,  $h$  – гидролиз дәрежесін) анықтауға мүмкіндік береді.

Түрлі есептеуларді орындауды жөнілдететіндігін тәмендегі мысалмен дәлелдеуге болады.

Мысалы, аммоний хлориді сулы ерітіндіде диссоциацияланады:



түзілген  $\text{NH}_4^+$  су молекуласымен протолиттік реакциясына қатысады:



өзгеріске катион ұшырайды, яғни, гидролиз катион бойынша жүреді.

Орта – қышқылдық. Жүйеде орын алған тепе – тендік төмендегі тепе – тендік константасымен сипатталады:

$$K_{\text{т-т}} = K_r = \frac{[\text{NH}_3][\text{H}_3\text{O}^+]}{[\text{NH}_4^+]} = K_a(1)$$

яғни бұл тепе – тендік константасы  $\text{NH}_4\text{Cl}$  тұзының гидролиз үдерісін, екіншіден Бренстед – Лоури теориясы бойынша  $\text{NH}_4^+$  ионымен су молекуласына протонды беруін сипаттайтын, яғни бұл қышқылдың ( $\text{NH}_4^+$ ) диссоциациясын сипаттайтын. Сонда, тұздың гидролиздену константасы:  $K_r = K_a = K_w / K_b$  тепе болады.

Гидролиз үдерісінің тағы бір сандық сипаттамасы ол *гидролиз дәрежесі (h)*. Гидролиз дәрежесі – гидролизге ұшыраган молекулалар санының жалпы молекулалар санының қатынасымен анықталады, яғни  $h = C_{\text{гидр}} / C_{\text{жал}}$ .

Дәріс бағдарламасы бойынша алғынған теориялық білімдерге сүйеніп төмендегі қатынастарды жазуға болады:

$$\begin{aligned} [\text{NH}_3] &= [\text{H}_3\text{O}^+] = C_{\text{жал}} * h \\ [\text{NH}_4^+] &= C_{\text{жал}} - C_{\text{жал}} * h = C_{\text{жал}} (1 - h) \end{aligned}$$

алғынған мәліметтерді 1-тендікке қойып, гидролиз дәрежесін есептеу тендігі алынады:

$K_r = h^2 C_{\text{жал}} / (1 - h)$  немесе  $\frac{h^2}{1-h} = \frac{K_w}{K_b \cdot C_{\text{тұз}}}$ ; жуықтап есептеудерде төмендегі тендікті пайдалануға болады:

$$h = \sqrt{\frac{K_w}{K_b \cdot C_{\text{тұз}}}} (2)$$


2-тендік гидролиз дәрежесінің тұздың концентрациясына тәуелділігін сипаттайтын.

Тұздың сулы ерітіндісінің pH-ын алдындағы алғынған білімдерге сүйеніп төмендегі тендіктер арқылы есептеуге болады:

$$[\text{H}_3\text{O}^+] = \sqrt{K_a \cdot C_{\text{тұз}}} = \sqrt{\frac{K_w \cdot C_{\text{тұз}}}{K_b}} (3)$$

Сонымен Бренстед – Лоури теориясын оқу үдерісінде пайдаланып, білім алушының білімін тереңдетіп, пәндік құзіреттілігін арттырады және гидролиз үдерісін болашақ химия оқушыларына түсіндіруді жеңілдетеді.

Гидролиз тақырыбы бойынша білім, біліктілік қалыптастыру зертханалық жұмыстарда да жалғасын табу қажет. Себебі мектеп бағдарламасында оқытылатын металдар иондарына (алюминий, хром т.б.) гидролиз реакциялары тән, олардың журу үдерісін оқушыларға түсіндіре білу қажет. Мысалы: алюминий (ІІІ) тұздарына сілтілік металдар карбонаты ерітіндісімен әсер еткенде қоймалжың ақ түсті тұнба түзіледі. Оның құрамы қандай болуы мүмкін деген сұрақ туғызып, білім алушылардан толық жауап алу қажет. Білім алушылар реакцияны берілген әдістемелік нұсқау бойынша орындаپ, тәжірибе нәтижесінде түзілген тұнба құрамында карбонат иондарының жоқ екендігін дәлелдей, жүйеде жүретін реакция тендеуін жазып және түсіндіре білуі тиіс.



Білім алушы натрий карбонатының гидролиздену нәтижесінде  $\text{OH}^-$  – иондары түзіліп, орта сілтіленіп, нәтижесінде аллюминий гидроксидінің  $\text{Al}(\text{OH})_3$  тұнбаға тұсу мүмкіндігі тұатының біліп, мектеп оқушыларына түсіндіре білуі қажет. Себебі, бұл реакция және осыған ұқсас реакциялар мектеп бағдарламаларымен қатар түрлі олимпиадалардың теориялық және эксперименттік тапсырмаларында да жиі кездеседі.

Бренстед – Лоури теориясы тұрғысынан гидролиз үдерісі туралы білім, біліктілік қалыптастырып, болашақ оқытушыларға:

- 1) мектеп бағдарламасындағы гидролиз үдерістерін түсіндіру әдіstemесін женілдеді;
- 2) түрлі деңгейлерде өтетін химиялық олимпиадалар тапсырмаларында гидролиз тақырыбына кездесетін есептер шығаруды оңай менгеріп, оқушыларға түсіндіруді оңайлатады;
- 3) эксперименттік есептер шығару біліктіліктерін қалыптастырып, дамытуға мүмкіндік береді.

**Әдебиет тізімі**

1. Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың 2016–2019 жылдарына арналған мемлекеттік бағдарламасы [Мәтін]. – Астана, [ж.б.], 2016. – 130 б.
2. Зайцев, О.С. Методика обучения химии: Теоретический и прикладной аспекты: Учеб. для студ. высш. учеб. Заведений [Текст] / О.С. Зайцев. – М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 1999. – 384 с.
3. Золотов, Ю.А., Дорохова, Е.Н. и др. Основы аналитической химии. Общие вопросы. Методы разделения [Текст] / Ю.А. Золотов, Е.Н. Дорохова и др. – М.: Высш. шк., 2002. – 351 с.
4. Харитонов, Ю.Я. Аналитическая химия [Текст]. В 2 кн.: Учеб. для вузов. / Ю.Я. Харитонов. – М.: Высш. шк., 2001. – 981 с.
5. Безрукова, Н.П., Тимиргалиева, Т.К. Об изучении гидролиза в курсе аналитической химии в педагогическом вузе [Текст] / Н.П. Безрукова, Т.К. Тимиргалиева // Химия: методика преподавания в школе. – 2004. – №1. – С.19-22.
6. Безрукова, Н.П. Программный комплекс «Гидролиз»: свид.-во об отраслевой регистрации № 5105 [Текст] / Н.П. Безрукова, Т.К. Тимиргалиева, А.А. Безруков. №50200501264. – 2005 г. – 24,6 МВ.
7. Смарыгин, С.Н. Рекомендации по раскрытию темы «Гидролиз солей» в учебном процессе [Текст] / С.Н. Смарыгин // Химия: методика преподавания в школе. – 2003. – №1. – С.64–71.

*Мәлімет редакцияга тусты: 24.10.2017*

**МЕНДАЛИЕВА, Д.К., КУМАРОВА Н.Ж.**

**ТЕОРИЯ АНАЛИТИЧЕСКОЙ ХИМИИ НА ТЕМУ «ГИДРОЛИЗА» В КОНТЕКСТЕ ТЕОРИИ ПРОТОЛИТИКИ**

*В статье рассмотрена методика преподавания темы «Гидролиз» в курсе аналитической химии. Гидролиз рассматривается как разновидность протолитической реакции, протекающей в водной среде. Показано, что методика преподавания темы «Гидролиза» с точки зрения протолитической реакции облегчает процесс проведения расчетов определения количественных характеристик процесса гидролиза.*

**Ключевые слова:** сольватация, гидратация, сольволиз, гидролиз, протолиз, константа автомпротолиза, степень гидролиза, константа.

**MENDALIEVA, D.K., KUMAROVA, N.Zh.**

**THE THEORY OF ANALYTICAL CHEMISTRY ON THE TOPIC OF «HYDROLYSIS» IN THE CONTEXT OF THE THEORY OF PROTOLYTIC**

*The method of teaching the topic "Hydrolysis" in the course of analytical chemistry is considered in the article. Hydrolysis is considered as a kind of protolytic reaction, flowing in an aqueous medium. It is proved that the method of teaching the topic "Hydrolysis" from the point of view of the protolytic reaction facilitates the process of calculating the quantitative characteristics of the hydrolysis process.*

**Keywords:** solvation, hydration, solvolysis, hydrolysis, protolysis, auto-protolysis constant, degree of hydrolysis, constant.